

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 4 желтоқсандағы N 1483 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 14 желтоқсан N 1542. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.01.31. N 130 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Южнефтегаз" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін сату туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 4 желтоқсандағы N 1483 Р961483\_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Ашық тендер нәтижесіне және "Харрикейн Құмкөл Лимитед" компаниясы акцияларының мемлекеттік пакетін сату шартына сәйкес Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі " Южнефтегаз" акционерлік қоғамына аталған акционерлік қоғамның акциялардың мемлекеттік пакетін сату шартына қол қою сәтінде бірлескен кәсіпорындарда лицензиялар бойынша, ол қайтарып алынған жағдайда, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беруді қамтамасыз етсін".

2. "Южнефтегаз" АҚ жер қойнауын пайдалануға берілген N 236 Д лицензиясы қайтарып алынсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі